

Рецензенттің жазбаша пікірі
Хасенқызы Алтынгүлдің
 «Жетілмеген остеогенезі бар балаларды хирургиялық емдеу және ерте оңалту әдістерін жетілдіру» тақырыбындағы 8D10102 – «Медицина» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған диссертациялық жұмысына

№	Талаптары	Талапқа сәйкестігі (бір нұсқасын белгілеу қажет)	Рецензенттің ұстанымын негіздеу
1	Диссертация тақырыбы (бекітілген күнгі жағдай бойынша) ғылымды дамытудың басым бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес келеді.	1.1 Ғылымды дамытудың басым бағыттарына немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі: 1. диссертация мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен қаржыландырылатын жоба немесе мақсатты бағдарлама аясында орындалған; 2. диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған; 3. <u>диссертация Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылымды дамытудың басым бағытына сәйкес келеді.</u>	Диссертация тақырыбы денсаулық сақтау саласындағы ғылыми зерттеулердің басым бағыттарымен үндесіп, жетілмеген остеогенезі бар балаларға көрсетілетін мамандандырылған медициналық көмектің тиімділігін арттыруға ықпал етеді. Зерттеу нәтижелерінің ғылыми және практикалық маңызы жоғары болып табылады және оларды клиникалық тәжірибеге енгізу балалардың өмір сүру сапасын жақсартуға, мүгедектіктің алдын алуға және ерте оңалту шараларының тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді.
2	Ғылым үшін маңыздылығы	Жұмыс ғылымның дамуына елеулі <u>үлес қосады</u> / қоспайды, ал оның маңыздылығы <u>жеткілікті дәрежеде ашылған</u> / ашылмаған.	Зерттеу тақырыбының ғылыми және практикалық маңыздылығы толық дәлелденген. Жұмыста алынған нәтижелер аталған патологиясы бар балаларға көрсетілетін медициналық көмектің сапасы мен тиімділігін арттыруға, олардың функционалдық жағдайын жақсартуға және өмір сүру сапасын көтеруге бағытталған. Сонымен қатар, зерттеу нәтижелерін клиникалық тәжірибеге енгізу балалардағы асқынулардың алдын алуға, оңалту үдерісін онтайландыруға және емдеу нәтижелерін жақсартуға мүмкіндік береді. Осыған байланысты

			диссертациялық жұмыстың өзектілігі күмән туғызбайды, ал оның ғылыми жаңалығы мен практикалық құндылығы заманауи медицина ғылымы мен денсаулық сақтау жүйесі үшін маңызды болып табылады.
3	Дербестік қағидаты	Дербестік деңгейі: 1. Жоғары; 2. Орташа; 3. Төмен; 4. Дербестігі жоқ.	Хасенқызы А. диссертациялық зерттеуді орындау барысында ғылыми жұмыстың барлық кезеңдерінің дизайны мен құрылымын дербес әзірлеген. Автор зерттеу барысында алынған мәліметтерді жинақтап, жүйелеп, жан-жақты талдау жүргізген, олардың ғылыми интерпретациясын жасап, сондай-ақ диссертация мәтіні мен зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми жарияланымдарды өз бетінше дайындаған. Жүргізілген зерттеу нәтижесінде жетілмеген остеогенезі бар балаларды емдеуге арналған ұзын сүйектерге арналған сүйекшілік бұғатталатын телескопиялық имплантат әзірленді. Аталған өнертабысқа Қазақстан Республикасының №10590 пайдалы модель патенті 2025 жылғы 23 мамырда берілген. Сонымен қатар, жетілмеген остеогенезі бар балалардың функционалдық белсенділігін жақсартуға бағытталған ерте операциядан кейінгі оңалтудың ғылыми негізделген қағидаттары әзірленіп, тұжырымдалған. Ұсынылған алгоритм авторлық құқықпен қорғалатын объектілерге құқықтардың мемлекеттік тізіліміне енгізіліп, оған №69032 куәлік 2026 жылғы 20 наурызда берілген. Осылайша, диссертациялық зерттеу жұмысы автордың жоғары деңгейдегі дербестігін, ғылыми ізденіс жүргізу қабілетін және алынған нәтижелердің ғылыми-практикалық маңыздылығын айқын көрсетеді.
4	Ішкі біртұтастық қағидаты	4.1 Диссертация тақырыбының өзектілігінің негізделуі: 1. Негізделген;	Диссертациялық зерттеу тақырыбының өзектілігі күмән туғызбайды, себебі ол

		2. Ішінара негізделген; 3. Негізделмеген.	практикалық денсаулық сақтаудың қазіргі заманғы талаптары мен өзекті міндеттеріне толық сәйкес келеді. Зерттеу тақырыбы аталған ғылыми бағыттың теориялық және ғылыми тұрғыдан жеткілікті деңгейде зерделенгенін көрсетеді және автор жүргізген отандық және шетелдік ғылыми әдебиеттерге жан-жақты талдау жасау арқылы негізделген. Жетілмеген остеогенезі бар балаларды хирургиялық емдеу мен ерте оңалту мәселелері қазіргі балалар ортопедиясы мен травматологиясындағы маңызды әрі өзекті бағыттардың бірі болып табылады. Осы санаттағы пациенттерге көрсетілетін медициналық көмектің тиімділігін арттыру, асқынулардың алдын алу және өмір сүру сапасын жақсарту денсаулық сақтау жүйесінің басым міндеттерінің қатарына жатады. Осыған байланысты Хасенқызы А.-ның «Жетілмеген остеогенезі бар балаларды хирургиялық емдеу және ерте оңалту әдістерін жетілдіру» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы өзекті, ғылыми және практикалық маңызы жоғары зерттеу болып табылады.
		4.2 Диссертацияның мазмұны тақырыпқа сәйкестігі: 1. <u>Сәйкес келеді;</u> 2. Ішінара сәйкес келеді; 3. Сәйкес келмейді.	Диссертациялық жұмыстың барлық бөлімдері бірізділікпен баяндалған, олардың арасында ішкі логикалық сабақтастық сақталған. Зерттеу барысында алынған нәтижелер қойылған мақсатқа қол жеткізуді және алға қойылған міндеттердің толық орындалғанын дәлелдейді. Автор зерттеу мәселесін жүйелі түрде қарастырып, ғылыми негізделген қорытындылар мен тәжірибелік маңызы жоғары ұсыныстар ұсынған. Осыған байланысты диссертацияның мазмұны зерттеу тақырыбын толық ашып көрсетеді, ал жұмыстың құрылымы, мақсаты, міндеттері мен алынған нәтижелері өзара тығыз байланысып, біртұтас ғылыми зерттеу ретінде қалыптасқан.

		4.3 Зерттеудің мақсаты мен міндеттерінің тақырыпқа сәйкестігі: 1. <u>Сәйкес келеді;</u> 2. Ішінара сәйкес келеді; 3. Сәйкес келмейді.	Зерттеудің мақсаты мен тапсырмалары тақырыпқа сай келеді.
		4.4 Диссертацияның барлық бөлімдері мен ережелері (қағидалары) өзара логикалық байланысқан: 1. <u>Толық өзара байланысқан;</u> 2. Ішінара байланысқан; 3. Байланыс жоқ.	Диссертацияның барлық бөлімдері өзара логикалық тұрғыдан тығыз байланысқан және зерттеудің мақсаты мен міндеттеріне сәйкес бірізді түрде құрылған. Жұмыста қарастырылған мәселелердің теориялық және практикалық аспектілері жүйелі түрде талданып, зерттеудің негізгі нәтижелерімен сабақтастырылған. Автор ғылыми әдебиеттерге жан-жақты талдау жүргізген. Әдебиеттерді іздеу және сараптау барысында халықаралық беделді дереккөздер, атап айтқанда PubMed, Cochrane Library және Google Scholar платформалары пайдаланылған. Бұл зерттеу мәселесінің қазіргі жағдайын жан-жақты бағалауға және ғылыми негізделген қорытындылар жасауға мүмкіндік берген. Диссертацияда ғылыми жаңалығы бар жаңа шешімдер ұсынылып, олардың тиімділігі мен артықшылықтары бұрыннан белгілі тәсілдермен салыстыру арқылы негізделген. Ұсынылған тұжырымдар мен практикалық ұсыныстар ғылыми дәлелдерге сүйене отырып әзірленген және олардың теориялық әрі практикалық маңызы жоғары болып табылады.
		4.5 Ұсынылған жаңа шешімдердің негізділігі: 1. <u>Сыни талдау жүргізілген;</u> 2. Талдау ішінара жүргізілген; 3. Басқа авторлардың еңбектеріне сілтемелер мен дәйексөздер ғана келтірілген.	Автор ұсынған әдістер мен шешімдер өзіндік ерекшелігімен, ғылыми жаңалығымен және жеткілікті дәрежеде негізделуімен сипатталады. Олардың тиімділігі мен артықшылықтары тиісті салада бұрыннан қолданылып келе жатқан тәсілдермен салыстырылып, сыни талдау негізінде дәлелденген. Зерттеу барысында алынған нәтижелердің

			ғылыми құндылығы мен сенімділігі жан-жақты талдау арқылы расталған. Диссертацияда ұсынылған ғылыми шешімдер теориялық тұрғыдан ғана емес, практикалық тұрғыдан да маңызды болып табылады. Зерттеу нәтижелерінің валидтілігі мен тәжірибелік маңыздылығы Қазақстан Республикасының пайдалы модельге берілген патентімен, рецензияланатын ғылыми басылымдарда жарияланған мақалалармен, сондай-ақ денсаулық сақтау ұйымдарының тәжірибесіне енгізілгенін растайтын енгізу актілерімен дәлелденеді. Осылайша, диссертациялық жұмыста ұсынылған жаңа ғылыми шешімдер жеткілікті деңгейде негізделген, ал олардың практикалық маңыздылығы мен қолданбалы құндылығы нақты нәтижелермен расталған.
5 5.2 / 5.3	Ғылыми жаңалық қағидаты	5.1 Ғылыми нәтижелер мен тұжырымдар жаңашыл болып табылады ма? 1. Толығымен жаңа; 2. Ішінара жаңа (25–75%); 3. Жаңа емес (25%-дан аз).	Диссертациялық жұмыста алынған нәтижелер жеткілікті дәрежедегі ғылыми жаңалығымен ерекшеленеді және бұл жаңалықтар зерттеу қорытындылары мен практикалық ұсынымдарда айқын көрініс тапқан. Зерттеу барысында жетілмеген остеогенезі бар балаларды емдеудің жаңа тактикалары әзірленіп, олардың тиімділігі ғылыми тұрғыдан негізделген. Автор тарапынан бірегей конструкциядағы жаңа медициналық құрылғы әзірленіп, ол Қазақстан Республикасының патентімен қорғалған. Сонымен қатар, операция жасалған балаларды ерте оңалтуға арналған алгоритм әзірленіп, оның клиникалық тиімділігі дәлелденген. Ұсынылған шешімдер медициналық көмектің сапасын арттыруға, оңалту мерзімін оңтайландыруға және пациенттердің функционалдық жағдайын жақсартуға бағытталған.
		5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа болып	Диссертацияда келтірілген қорытындылар толықтай жаңа

		табылады ма? <u>Толығымен жаңа;</u> - Ішінара жаңа (25–75%); - Жаңа емес (25%-дан аз).	болып табылады және зерттеудің ғылыми жаңалығын айқын көрсетеді. Олар теориялық маңыздылығымен қатар жоғары практикалық құндылыққа да ие. Зерттеу нәтижелері мен қорытындылары жетілмеген остеогенезі бар балаларды емдеу мен оналту жүйесін жетілдіруге бағытталған ғылыми ізденістердің одан әрі дамуына негіз бола алады. Сонымен қатар, диссертацияда алынған нәтижелер мен жасалған қорытындыларды денсаулық сақтау ұйымдарының практикалық қызметіне енгізу медициналық көмектің сапасы мен тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді. Осыған байланысты диссертациялық жұмыстың қорытындылары ғылым мен практикалық денсаулық сақтау саласында кеңінен қолдануға перспективалы болып табылады.
		5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқарушылық шешімдер жаңа әрі негізделген болып табылады ма? <u>Толығымен жаңа;</u> - Ішінара жаңа (25–75%); - Жаңа емес (25%-дан аз).	Автор ұсынған техникалық және технологиялық шешімдер ғылыми тұрғыдан негізделген және олардың жаңашылдығы Қазақстан Республикасының патенттерімен, сондай-ақ практикалық денсаулық сақтау ұйымдарына енгізілгенін растайтын енгізу актілерімен дәлелденген. Зерттеу барысында әзірленген жаңа құрылғы мен емдеу-оналту технологияларының тиімділігі тәжірибеде тексеріліп, олардың клиникалық маңыздылығы көрсетілген. Ұсынылған шешімдер балаларға көрсетілетін мамандандырылған медициналық көмектің сапасын арттыруға және емдеу нәтижелерін жақсартуға бағытталған. Диссертациялық зерттеудің негізгі нәтижелері ғылыми қауымдастыққа ұсынылып, олар бойынша 3 ғылыми еңбек жарияланған. Бұл жарияланымдар зерттеу нәтижелерінің ғылыми құндылығын, өзектілігін және практикалық маңыздылығын растайды.
6	Негізгі қорытындылардың	Барлық негізгі қорытындылар ғылыми тұрғыдан маңызды	Диссертациялық жұмыстың барлық негізгі қорытындылары

	негізділігі	дәлелдерге <u>негізделген</u> / негізделмеген немесе жеткілікті дәрежеде негізделген (сапалық зерттеулер (qualitative research) және өнер мен гуманитарлық ғылымдар бағыттары бойынша даярлау салалары үшін).	салмақты, статистикалық тұрғыдан мәнді нәтижелерге негізделген. Ұсынылған практикалық ұсыныстар ғылыми тұрғыдан негізделген және дәлелденген.
7	Қорғауға ұсынылатын негізгі тұжырымдар	7.1 Қағида (тұжырым) дәлелденген бе? 1. Дәлелденген; 2. Дәлелденуі ықтимал; 3. Дәлелденбеген деуге болады; 4. Дәлелденбеген. 7.2 Қағида (тұжырым) тривиалды болып табылады ма? 1. Иә; 2. Жок. 7.3 Қағида (тұжырым) жаңа болып табылады ма? 1. Иә; 2. Жок. 7.4 Қолданылу деңгейі: 1. Тар ауқымды; 2. Орташа ауқымды; 3. Кең ауқымды. 7.5 Қағида (тұжырым) ғылыми мақалада дәлелденген бе? 1. Иә; 2. Жок; 3. Қазіргі тұжырымдалу нысанында қағиданың (тұжырымның) мақалада дәлелденгендігін тексеру мүмкін емес.	Диссертацияда қорғауға ұсынылған барлық негізгі тұжырымдар заманауи зерттеу және статистикалық талдау әдістерін қолдану арқылы жан-жақты дәлелденген. Әрбір тұжырым жүргізілген зерттеудің нәтижелеріне негізделіп, ғылыми тұрғыдан сенімді деректермен расталған. Ұсынылған негізгі тұжырымдар ғылыми жаңалығымен ерекшеленеді, тривиалды сипатқа ие емес және теориялық әрі практикалық тұрғыдан маңызды болып табылады. Автор әзірлеген ғылыми шешімдер мен ұсыныстардың тиімділігі зерттеу нәтижелерімен дәлелденіп, оларды клиникалық тәжірибеде қолдану мүмкіндігі көрсетілген. Диссертацияның негізгі нәтижелері ғылыми жарияланымдарда жарық көріп, патенттермен қорғалған, сондай-ақ халықаралық және республикалық ғылыми-практикалық конференцияларда баяндалған. Бұл зерттеу нәтижелерінің ғылыми қауымдастық тарапынан мойындалғанын және олардың өзектілігі мен маңыздылығын растайды. Қорғауға ұсынылған тұжырымдардың қолданылу аясы кең болып табылады. Олар балалар ортопедиясы мен травматологиясы саласында ғана емес, сонымен қатар медициналық оңалту жүйесінде де тиімді қолданылуы мүмкін. Осыған байланысты диссертацияда ұсынылған негізгі қағидалар толық дәлелденген, жаңа, ғылыми және практикалық құндылығы жоғары нәтижелер ретінде бағаланады.
8	Сенімділік қағидаты. Дереккөздер мен	8.1 Әдіснаманы таңдау негізделген бе немесе әдіснама	Зерттеу әдіснамасы мен қолданылған зерттеу әдістері

	ұсынылған ақпараттың сенімділігі.	толық сипатталған ба? 1. <u>Иә;</u> 2. Жок.	ғылыми тұрғыдан негізделген және диссертациялық жұмыстың мақсаты мен міндеттеріне толық сәйкес келеді. Автор зерттеу барысында қойылған міндеттерді шешуге мүмкіндік беретін заманауи және тиімді ғылыми тәсілдерді ұтымды таңдаған. Диссертацияда қолданылған әдіснамалық тәсілдер зерттеу нысаны мен пәнінің ерекшеліктерін ескере отырып әзірленген және жұмыстың ғылыми сенімділігін қамтамасыз етеді. Зерттеу әдістері толық сипатталып, оларды таңдаудың негіздемесі нақты көрсетілген. Бұл алынған нәтижелердің дұрыстығы мен қайталанғыштығын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар, зерттеу барысында заманауи клиникалық, зертханалық және статистикалық талдау әдістері пайдаланылған, бұл алынған деректерді объективті бағалауға және ғылыми негізделген қорытындылар жасауға жағдай туғызған. Осыған байланысты диссертациялық жұмыста қолданылған әдіснама мен зерттеу әдістері жеткілікті деңгейде негізделген және зерттеудің мақсатына толық сәйкес келеді деп есептеймін.
		8.2 Зерттеу нәтижелері компьютерлік технологияларды пайдалана отырып, деректерді өңдеу мен интерпретациялаудың заманауи әдістерін қолдану арқылы алынған ба? 1. <u>Иә;</u> 2. Жок.	Зерттеу барысында автор заманауи ғылыми зерттеу әдістерін, деректерді өңдеу мен интерпретациялаудың озық тәсілдерін және компьютерлік технологияларды кеңінен қолданған. Бұл зерттеу нәтижелерінің сенімділігін арттырып, алынған мәліметтерді жан-жақты әрі объективті бағалауға мүмкіндік берген. Алынған деректерге заманауи статистикалық өңдеу жүргізілген. Статистикалық талдау «Астана медицина университеті» КеАҚ базасында SPSS бағдарламалық пакетінің Windows жүйесіне арналған 27.0 нұсқасын пайдалану арқылы орындалған. Осылайша, диссертациялық жұмыста

			деректерді жинау, өңдеу және талдау үдерістері қазіргі заманғы ғылыми талаптарға сай жүргізілген, ал қолданылған әдістер мен технологиялар зерттеу нәтижелерінің жоғары деңгейдегі сенімділігін растайды.
		8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер және анықталған заңдылықтар эксперименттік түрде расталған: 1. <u>Иә;</u> 2. Жок.	Диссертациялық жұмыстың барлық бөлімдері, нәтижелері мен қорытындылары өзара логикалық сабақтастықта берілген және біртұтас ғылыми зерттеу ретінде қалыптасқан. Осыған байланысты қорғауға ұсынылған негізгі тұжырымдар мен қорытындылар жеткілікті дәрежеде негізделген, сенімді және ғылыми-практикалық маңызы жоғары болып табылады.
		8.4 Маңызды тұжырымдар өзекті және сенімді ғылыми әдебиеттерге жасалған сілтемелермен расталған: 1. <u>Иә;</u> 2. Жок. 8.5 Әдеби шолу жасау үшін пайдаланылған әдебиет көздері жеткілікті: 1. <u>Иә;</u> 2. Жок.	Пайдаланылған әдебиет көздері зерттеу мәселесіне әдеби шолу жасау үшін жеткілікті болып табылады және тақырыптың қазіргі жай-күйін объективті бағалауға мүмкіндік береді. Әдебиеттер тізімінде 144 дереккөз қамтылған, оның ішінде 138-і шетелдік ғылыми басылымдардан алынған. Бұл автордың халықаралық ғылыми әдебиеттерді кеңінен пайдаланғанын және зерттеудің әлемдік ғылыми жетістіктер негізінде орындалғанын көрсетеді. Әдеби шолудың мазмұны зерттеу тақырыбының өзектілігін, ғылыми маңыздылығын және шешімін талап ететін мәселелерді толық ашып көрсетеді. Пайдаланылған дереккөздердің сапасы мен жеткіліктілігі диссертациялық жұмыстың ғылыми деңгейінің жоғары екенін және алынған нәтижелердің сенімділігін айқындайды.
9	Тәжірбиелік құндылық қағидаты	9.1 Диссертациялық жұмыстың теориялық маңызы бар ма? 1. <u>Иә;</u> 2. Жок.	Диссертация материалдары «Астана медицина университеті» КеАҚ-ның балалар хирургиясы кафедрасының білім беру үдерісінде пайдаланылып келеді. Зерттеу нәтижелерін оқу үдерісіне енгізу білім алушылардың теориялық дайындығын жетілдіруге, кәсіби құзыреттіліктерін арттыруға және заманауи ғылыми жетістіктерді

			менгеруіне мүмкіндік береді. Осылайша, диссертациялық жұмыстың нәтижелері ғылыми тұрғыдан ғана емес, сонымен қатар білім беру саласында да жоғары құндылыққа ие болып табылады.
		9.2 Диссертациялық жұмыстың тәжірбиелік маңызы бар ма? 1. <u>Иә;</u> 2. Жоқ.	Ұсынылған әдістер мен технологияларды клиникалық практикада қолдану емдеу нәтижелерін жақсартуға, медициналық көмектің сапасы мен тиімділігін арттыруға, сондай-ақ пациенттердің функционалдық жағдайы мен өмір сүру сапасын жақсартуға мүмкіндік береді. Осыған байланысты диссертациялық зерттеу нәтижелері жоғары практикалық құндылыққа ие және денсаулық сақтау жүйесінің практикалық қызметінде кеңінен пайдалануға ұсынылады.
		9.3 Тәжірбиеге ұсынылған ұсынымдар жаңа болып табылады ма? 1. <u>Толығымен жаңа;</u> 2. Ішінара жаңа (25–75%); 3. Жаңа емес (25%-дан аз).	Автор әзірлеген ғылыми-практикалық ұсынымдар зерттеу нәтижелеріне негізделген және олардың тиімділігі мен негізділігі дәлелденген. Ұсынылған шешімдер мен ұсынымдар зерттеліп отырған мәселені шешудің жаңа тәсілдерін ұсына отырып, медициналық тәжірибені жетілдіруге елеулі үлес қосады. Осыған байланысты диссертацияда берілген ұсынымдар жоғары ғылыми және практикалық құндылыққа ие, толықтай жаңа болып табылады және оларды клиникалық практикаға кеңінен енгізуге болады.
10	Жазылу және рәсімделу сапасы	Академиялық жазу сапасы: 1. Жоғары; 2. <u>Орташа;</u> 3. Орташадан төмен; 4. Төмен.	Жұмыста жекелеген грамматикалық және стилистикалық қателер кездеседі, сондықтан диссертацияның жазылу және рәсімделу сапасы орташа деңгейде деп бағаланады. Алайда аталған ескертулер зерттеудің ғылыми құндылығына, жаңалығына және практикалық маңыздылығына әсер етпейді. Жалпы алғанда, диссертациялық жұмыс философия докторы (PhD) дәрежесін алуға ұсынылатын диссертацияларға қойылатын

			талаптарға толық сәйкес келеді. Осыған байланысты Хасенқызы А.-ның «Жетілмеген остеогенезі бар балаларды хирургиялық емдеу және ерте оналту әдістерін жетілдіру» тақырыбындағы диссертациялық жұмысын 8D10102 – «Медицина» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін қорғауға ұсынуға болады деп есептеймін.
--	--	--	---

«Марат Оспанов атындағы
Батыс Қазақстан медицина
университеті» КеАҚ балалар
хирургиясы кафедрасының
қауымдастырылған профессоры., м.ғ.к.



Баубеков Женисбек Танирбергеноулы

« ____ » _____ 2026 г.

